

температурасына дейін суытады. Реакциялық қоспаны сумен өндейді. Әрекеттеспеген оксиаренді бөліп алу үшін алынған сулы ерітіндіні толуолмен экстрагирлейді. Алынған қатты өнімді Шотт сүзгісінде бөліп, 5 сағат бойы вакуум-пистолетте $\sim 50^{\circ}\text{C}$ ($\sim 20\text{-}30$ мм сын.бағ.) температура кезінде кептіреді. Кепкен өнімді өлшейді, практикалық шығымды есептеп, балку температурасын анықтайды. Өнімді тазалайды (сумен қайта кристалдандыру) және қайта балку температурасын анықтайды; қажет болған жағдайда тазалауды қайталайды. Толуолдық экстрактіні кальций хлориді үстінде кептіреді. Одан әрі одан еріткішті айдап, қатты қалдықты (әрекеттеспеген оксиарен) төменгі қысымда ($\approx 50\text{-}170$ мм сын. бағ.) айдайды. Әрекеттеспеген оксиарен массасын анықтайды және әрекеттескен оксиаренге есептегендегі реакция өнімінің шығымын есептейді.

Термопараны калибрлеу (хромель-капель)

Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

- 1 фарфор тостағанша (100 мл)
- Вуд қорытпасы (100 г.)
- 1 термометр 250°C -лік
- 1 электр плиткасы
- 1 милливольтметр

Хромель-капель термопараны калибрлеуді төмендегідей жүргізеді. Вуд қорытпасын фарфор тостағаншаға салып, балқыма пайда болғанша қыздырады. Одан әрі оған термометрді, оның сынапты резервуары Вуд қорытпасына түгелдей еніп тұратындай және фарфор тостағаншаның қабырғасына тимейтіндей етіп, орналастырады. Термопара ұшын Вуд қорытпасына оның тек спайы ғана еніп тұратындай және оның фарфор тостағанша қабырғасына және термометрге тимей тұратындай етіп ендіреді. Термопара мен термометрді алмай тұрып, Вуд қорытпасын бөлме температурасына дейін салқындатады. Термопараны милливольтметрмен қосады. Фарфор тостағанша астына электр плиткасын қойып, жайлап қыздыра бастайды. Әрбір 5°C сайын милливольтметр